

Кеше Ақордада Мемлекет басшысының төрағалығымен күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде кеңес өтті. Кеңеске Парламент палаталарының төрағалары, Премьер-министр, Президент Әкімшілігінің басшысы, Үкімет мүшелері мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

ЕЛ МҮДДЕСІН ЕСКЕРГЕН ШЕШІМ

Мемлекет басшысы ел дамуының негізгі бағыттарына, соның ішінде жер реформасына тоқталып, Үкімет қызметіне баға берді және тиісінше бірқатар шешім қабылдады.

Нұрсұлтан Назарбаев елде жүргізіліп жатқан Бес институционалдық реформа дағдарысқа қарсы кешенді жоспар болып саналатынын атап өтті.

— Әлемде қазір инвестиция тапшылығы орын алып отыр, дамушы нарықтардан капиталдың кетуі байқалуда. Дамушы елдердегі инвестициялар ағынының қарқыны 20 жылда алғаш рет кері сипатқа ие болуда. Егер 2008-2014 жылдары Қазақстанға келетін тікелей инвестициялар көлемі жыл сайын орта есеппен 24 миллиард долларды құраса, бытыр ол 15 миллиард доллардан аз болды. Елдер арасында сыртқы инвестиция үшін бәсеке күшейіп, мемлекеттер инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасап жатыр, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы елдің ауыл шаруашылығы саласында 2 миллион 300 мың адам жұмыспен қамтылғанын айтты.

— Сөйте тұра бұл салада еңбек өнімділігі төмен деңгейде қалып отыр. Отандық фермерлер бір гектар жерден орта есеппен 400 доллардың өнімін алады. Дәл осы көрсеткіш АҚШ-та 1,5 мың долларды, Германияда — 2800, Францияда 3200 долларды құрайды. Ауыл шаруашылығы жаңа техникаға, жаңа технологияларға, сугару жүйелеріне инвестиция салуға мұқтаж, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы әлем елдері шетелдік инвестиция тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасап жатқанына назар аударды.

— Әлемдік тәжірибеде ауыл шаруашылығына салынған қаражат өзін ақтау үшін 10-15 жыл керек. Қазақстанда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 10 жылға, соның ішінде шетелдіктердің жалға алуы туралы заң ұзақ уақыттан бері қолданылып келеді. Алайда бұл салаға әлі айтарлықтай инвестиция келген жоқ. Шетелдіктер 65 мың гектарда ғана жұмыс істеп жатыр, яғни жалға алынған жердің 0,06 пайызы ғана. Бірақ жоғары өнімділікті қамтамасыз етіп отыр. Жерді ұзақ мерзімге жалға беру — бүкіл дүние жүзі бойынша инвестиция тартудың амалы. Бельгия, Германия, Грекия, Нидерланд сияқты елдер шетелдік инвесторлардың жерді меншікке немесе жалға алуы



мәселесіне қандай да бір шектеу қоймайды. Францияда шетелдік инвесторлар үшін жер ресурстарын жалға алудың ең ұзақ мерзімі 99 жылды құрайды. Жер кодексі нормаларын әзірлеу барысында бұл тәжірибелер ескерілді. Бірақ жерді шетел азаматтарына сату мәселесі болған емес, қазір де жоқ, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев жаңа нормалардың мәні тиісті топтарға жеткізілмегенін атап өтті.

— Қабылданған заңның тетіктері мен нормалары жұртшылықты кеңінен қатыстыру арқылы талқыланды. Сондықтан көп жағдайда халықтың алаңдауы дұрыс. Егер қазақстандықтар қабылданған

шешімге сенбейтін болса, демек бұл дұрыс емес деген сөз. Өйткені, бұл өзгерістер халық үшін жасалып жатыр. Қоғамда жерді жалға алу жөніндегі бірқатар заңнамалық нормаларға қатысты күмән туғанын ескеру маңызды, — деді Мемлекет басшысы.

Осыған байланысты Қазақстан Президенті Жер кодексінің қоғамдық резонанс тудырған бірқатар нормаларына 2017 жылға дейін тоқтау салды.

— Бұл мәселені егжей-тегжейлі қарастыру керек. Егер талқылаудан кейін Парламент ортақ шешімге келетін болса, мораторий алып тасталады, ал егер олай болмаса, күшінде қалады. Біз халыққа ұнамайтын заңға зәру емеспіз. Бұл ретте мораторий

сакталған жағдайда ауыл шаруашылығының жағдайы нашарлауы мүмкіндігін түсіндіру қажет. Сондай-ақ Үкімет жанынан Премьер-министрдің бірінші орынбасары Б.Сағынтаевтың басшылығымен комиссия құруды тапсырамын. Комиссия барлық мүдделі органдарды және қоғамдық бірлестіктерді тартуы тиіс. Резонанс тудырған ережені кеңінен талқылап, ортақ ұстаным әзірлеп, Парламентке беру керек. «Нұр Отан» партиясына демократиялық күштер коалициясы аясында кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын. Бұған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер және бұқаралық ақпарат құралдары

қатысуы тиіс. Түсіндіру жұмыстарына Үкімет пен Парламенттің қос палатасының депутаттарын белсене қатысуды деп үміттенемін, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанда 8 мыңнан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорны, 178 мыңнан астам шаруа және фермерлік қожалықтар, 1,5 миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылық бар екенін тоқталды.

— Олар күн ұзаққа алқапта, фермада, жайлауда еңбек етеді, сіздердің жаналықтарыңызды күтіп, теледидар алдында отырмайды. Бірақ сіздер өз ұсыныстарыңызды әзірлеу барысында министрліктен шықпай отырып, бәрін өз араларыңызда шешесіздер. Кімнен жасырынасыздар? Сонда біздің заңдарымыз кім үшін жазылған? Ауыл шаруашылығы министрлігінің де, Ұлттық экономика министрлігінің де, әкімдіктердің бір де бірінің де ресми сайтында жер реформасы жөнінде колжетімді және көрнекі ақпарат болған жоқ. Ал бұл дегенің халықтың игілігі үшін, экономиканы дамытып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін жүргізіліп жатыр ғой, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Жер кодексі жөніндегі жұмысқа жауапты екі мемлекеттік органның, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің өз міндетін тиісінше атқара алмағанына назар аударды.

— Бұл министрліктердің жұмысы нашар дей алмаймын. Бірақ өздерінің ұстанымы елдің бәрін ұғынықты болып, дұрыс қабылдануы үшін түсіндіру жұмыстарымен айналысқан жоқ.

Қазақстан Президенті Ұлттық экономика министрі Е.Досаевтың қызметінде жіберілген кемшіліктерге байланысты отставкаға кету туралы өтінішін қабылдады. Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбековтің қызметіне толықтай сәйкестігі толық деңгейде емес екенін жария етті. Ұлттық экономика вице-министрі Қ.Өкесінбаевты қызметінен босатуды, Ұлттық экономика министрлігінің салалық комитетінің басшы қызметкерлері мен басқа да жауапты тұлғалардың қызметіне сәйкестігі туралы мәселені қарауды тапсырды. Сондай-ақ, Үкіметке жер қатынастарын реттеу бағытындағы салалық функцияларды Ауыл шаруашылығы министрлігіне беру жөнінде тапсырылды.

2-бет

ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯ ЖЕТІСТІКKE ҮЛЕС ҚОСА БЕРЕДІ



Кеше облыстық мәслихаттың мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының кезектен тыс XX конференциясы өтті. Облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаев ашқан конференцияға Парламент Мәжілісінің депутаттары Балайым Кессебаева мен Геннадий Шиповских, аумақтық филиалдардан 112 делегат, партияның облыстық филиалы саяси кеңесінің мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері, партия ардагерлері мен белсенділері, басқарма басшылары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері қатысты. Делегаттар конференцияны ашуда дауыс бергеннен кейін оның күн тәртібі бекітілді. Күн тәртібіне сәйкес «Қазақстан 2021: Бірлік, Турақтылық, Жасампаздық» «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруда Қызылорда облыстық филиалының міндеттері туралы облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев баяндама жасады.

Ол өз сөзінде Елбасымыз, Партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» партиясының басқарушылық рөліне айрықша мән беріп, оның алдындағы маңызды міндеттерді үнемі айқындап қана қоймай, олардың мүлтіксіз орындалуына ерекше назар аударып келе жатқанын айрықша атап өтті. Биылғы сайлауда да Партия Төрағасы қазіргі әлемде қалыптасқан күрделі геосаяси жағдайды, түрлі дағдарыстарды ескере отырып, жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан-2021: Бірлік, Турақтылық, Жасампаздық» жаңа сайлауалды бағдарламасын ұсынды. Бұл бағдарлама атауының өзі партияның негізгі мақсаттары мен басымдықтарын қолға ұстатқандай етіп көрсетіп тұр.

— Кез келген партияның саяси деңгейі оның сайлауалды бағдарламасының орындалуымен бағаланады. Ендеше, партияның сайлауалды бағдарламасындағы мақсат-міндеттерді, Ұлт жоспары 5 институционалдық реформасын жүйелі жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамды атқарушы билікпен бірге жүйелі, уақытты орындауға күш жұмылдыру міндетіміз, — деді партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші

орынбасары.

Сыр өңірінде атқарылып жатқан әрбір нәтижелі іс — Ұлт жоспарының жүйелі жүзеге асырылуының айғағы. Осы ретте баяндамашы ондай істердің бірқатарын атап өтті. Мәселен, тәжірибе жүзінде бірінші болып, облыс әкімінің аппаратында құқық қорғау органдарымен жұмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы іс-қимыл бөлімі құрылды. Индустрияландыру және экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсатында шыны зауытының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Феррокорытпа зауыты құрылысының жобасы мен «Баласауысқандық» ванадий кен орнын игеру жұмыстары жалғасуда. Сонымен бірге, Шиелі, Жаңақорған аудандарында тампонажды цемент өндірісі зауыттарының, облыс орталығында тәулігіне 3 тонна ет өнімдерін өндіретін фабрика құрылысы, Сырдария ауданында 5 мың бас қой өсіруге арналған кешен және 10 мың бас малға арналған бордақылау алаңы мен жылдық қуаты 250 тонна болатын ет комбинатының құрылыстары, Қызылорда қаласында түйе сүтін өңдейтін зауыт пен Жаңақорған ауданында томат пастасын өндіру кешенін құру жобасы жүзеге асырылуда.

2-бет

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасында аймақ кәсіпкерлерінің басқосуы болып өтті. Кәсіпкерлер үшін өзекті мәселелер талқылаған жиында жер учаскесін алу және оны тиімді пайдалану жолдары айтылды. Оған қоса кәсіпкерлердің құқығын қорғау мен дамыту бағыты да жан-жақты талқыланды.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев ашып, өткізіліп отырған шараның маңыздылығына кеңінен тоқталды. Жиынға арнайы қатысқан Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі Болат Палымбетов елімізде шағын және орта бизнес саласы негізгі жұмыс орнымен қамтушылар болып табылатынын айтып өтті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жұмысқа қамтылғандардың 38 пайызы шағын және орта бизнес үлесінде екені белгілі болған. Сол себепті де кәсіпкерлерге бизнеспен айналысуға барынша мүмкіндік беріп, жан-жақты қолдау қажет.

— Кәсіпкерлікті дамытуға кедергі болып отырған мәселелерді біз кәсіпкерлермен бірлесе отырып шешуіміз қажет. Тіпті облыс көлеміндегі мәселені де өзімізде шешудің жолын қарастырғанымыз жөн болады, — деді Болат Палымбетов.

Шара барысында облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы кәсіпкерлер құқықтарын қорғау жөніндегі кеңес төрағасы Алмас Тұртаев хабарлама жасады. Онда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту басым бағыттардың бірі екені айтылды. Сонымен қатар 2 жылдан астам уақыт ішінде палатаға 336 өтініш түсіп, оның 190-ы шешімін тапқан. Осындай жұмыстардың нәтижесінде палата заңгерлері кәсіпкерлердің 1 млрд 143 млн теңгесін сақтап қалған. Кәсіпкерлерден келіп түскен өтініштердің басым бөлігі жер қатынастары саласына қатысты. Соған орай кеңес өткен жылы палата мақсатсыз пайдаланды деген желеумен 129 кәсіпкердің жерлерін алып қойған жергілікті атқарушы орган қаулысының күшін жоюға ықпал еткен.

Одан әрі бірқатар мамандар тақырып аясында дайындалған баяндамаларын жиналғандар назарына ұсынды. Кәсіпкерлер де өздерін толғандырған сауалдарын қойды.

Сара АДАЙБАЕВА.

КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Облыс прокуроры Сапарбек Нұрпейісов Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі Болат Палымбетовпен кездесті. Кездесуге ҚР ҰКП басқармасы төрағасының орынбасары Руслан Жүсіпов пен облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жаксылықов қатысты. Басқосуда қадағалау саласының өңірдегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытында атқарылған жұмыстар сөз болды.

Кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау туралы заңнама талаптарының сақталуы прокурорлық қадағалаудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ағымдағы жылы осы бағытта жүргізілген 3 тексеру нәтижесіне орай 12 ұсыныс, 1 наразылық енгізіліп, 7 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, 46 кәсіпкердің құқықтарының қорғалуы

қамтамасыз етілді.

Облыстық прокуратура мен кәсіпкерлер палатасы арасындағы өзара ынтымақтастық жөніндегі 2014 жылғы меморандум аясында бірқатар нәтижелі шаралар атқарылуда. Айта кетейік, өткен жылы облыс көлемінде «Прокүрор түсіндірелі» және «Чинovníк и предприниматель» тақырыбында акциялар ұйымдастырылып, онда бақылау функциясын жүзеге асыратын органдар жүргізетін тексерулер, коммуналдық жүйеге қосылу, жер учаскелері мен рұқсаттар алу тәртібі және басқа да мәселелер жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кәсіпкерлерге арнайы жадынамалар таратылды. Кәсіпкерлер палатасымен өзара іс-қимыл жасау арқылы кәсіпкерлерден түскен өтініштер қаралып, олардың құқықтарын қозғайтын өзекті мәселелер бойынша бірлесіп тексеру және талдау жұмыстары жүргізілуде.

Облыстық прокуратура органдарында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, заңсыз тексеру деректерінің жолын кесу мен шара қолдану бағытында оңтайлы топ құрылған болатын. Аталған топтың сенім телефондары БАҚ-та және қала, аудан орталықтарында орнатылған 14 көрнекі бишбортта жарияланған.

Бүгінде кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп қала, аудан орталықтарында кәсіпкерлердің, жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардың қатысуымен «Заңға тағзым» атты құқықтық насихат түріндегі кең көлемді акция ұйымдастырылуда.

Жиында көлемкелі экономика, мемлекеттік сатып алу, жер саласы және тағы басқа өзекті мәселелер талқыланды. Алдағы уақытта орта және шағын бизнес өкілдерінің құқықтарын қорғау жұмыстары өз жалғасын табады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

«Қазпочта» АҚ-ның тасымалдау және тарату қызметі тарифтерінің өсуіне орай, басылымдарға жазылу бағасын көтермеу мақсатында «Сыр медиа» ЖШС 2016 жылдың 1 шілдесінен бастап «Қазпочта» АҚ қызметінен толық бас тартып отыр. Осы ретте «Сыр медиа» ЖШС өзіне қарасты басылымдарға 2016 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу, жеткізу, тарату қызметтерін өз қуыретіне алатынын хабарлайды.

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттердің барлығына тек қана серіктестік өкілдері арқылы жазылу жүргізілетінін ескертеміз.

«Сыр медиа» ЖШС әкімшілігі.

ЕЛ МҮДДЕСІН ЕСКЕРГЕН ШЕШІМ



Мемлекет басшысы ақпараттық саясат мәселесін де қозғайды.

– Бүгінде бұл функциялар профильді емес министрліктің құзырында. Үкіметте бұл саланы ешкім үйлестірмейді, мемлекеттің ақпараттық саясатқа бөлетін қаражатын ешкім бақыламайды. Сондықтан қазіргі ақпараттық сын-кәтерлерді еңсеру үшін, Бес институционалдық реформаның барысын тиімді қолдау үшін өкілетті орган – Ақпарат және коммуникация министрлігін құруды тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев бұл ведомствого мынадай маңызды міндеттерді жүктеуді ұсынды. Атап айтқанда, мейлінше өткір мәселелерді жедел анықтау және әрекет ету мақсатымен кез келген меншік формасының, соның ішінде интернет ресурстар мен әлеуметтік желілердің ақпараттық кеңістігін мониторингтеу; барынша өзекті тақырыптар мен мәселелер бойынша қоғамдық пікірді зерттеу, халықтың ақпараттық сауалдары мен тілек-қалауын талдау және болжау; мемлекеттік ақпарат саясатын әзірлеу; барлық мемлекеттік органның ақпараттық қызметі мен белсенділігін үйлестіру және

бақылау; мемлекеттік ақпараттық тапсырыстарды жоспарлау және мемлекет бөлген қаражаттың тиімділігін талдау; Отандық БАҚ-ты экономиканың қазіргі заманғы сегменті ретінде дамыту үшін инвестиция және инновация тарту; Электронды және баспасөз кеңістігіндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін отандық ақпараттық өнімдердің сапасын арттыру; дағдарыстық коммуникациялардың барынша пәрменді моделін құру; Халықпен, соның ішінде Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл арналарын қамтамасыз ету.

Бұл ретте жаңа органды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, қаражат бөлу және оған барлық міндетті жүзеге асыру үшін айрықша өкілеттік беру тапсырылды.

Қазақстан Президенті ел дамуының өзге де негізгі мәселелеріне тоқталды.

– Міндетті медициналық сақтандыруды енгізуге қатысты жұрттың күмән-күдігі бар екенін білемін. Сондықтан Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі бұл мәселе бойынша іс-әрекеттің жол картасын әзірлеуі тиіс. Бұл реформа барлық

қазақстандықтарға қатысты, сондықтан оған ықылас жоғары болады. Білім және ғылым министрлігінің орта мектептердегі оқу жылын ұзарту, үш тілде білім беруге көшу мерзімі туралы мәлімдемелеріне қатысты да жұрттың сұрақтары бар екенін білемін. Үкімет бұл ретте дәстүрлі тамыз мәслихаттарын пайдалана отырып, қоғамдық пікірге мұқият зерттеу жүргізуі керек. Туындап отырған мәселелерді талқылау және шешу үшін осы мәселелердің барлығына жаңа диалог тетіктерін – Қоғамдық кеңестерді белсенді түрде қатыстыру керек. Олар мемлекеттік органдардың шылауында қалмауы керек, оларда өткен пікірталастар БАҚ пен жұртшылық үшін ашық болуға тиіс. Әрбір министр мен әкімге реформалардың барлық бағыты бойынша қоғамдағы көзқарасты өз құзыреті шеңберінде мұқият талдаудан өткізуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің бастамаларының мұқият түсіндірілуі маңызды екенін айтты.

– Біз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына қарай жылжып, әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің

қатарына ұмтылып отырғанымызды айтып жатырмыз. Бұл елдерде тағы бір ең басты стандарт бар, ол – Үкіметтің және оның мүшелерінің қоғам үшін күнделікті ашықтығы. Онда министрлер барлық туындаған мәселелерге қатысты әрдайым шұғыл пікір білдіріп отырады. Ал бізде ше? Ақпараттық жұмыс тек журналистер алдына брифингке шығып, қағазда жазылғанды оқып берумен ғана тұрмайды. Біздің министрлер тіпті брифингтерде де журналистерден қашақтап, қарапайым сауалдарға жауап бермейді. Қазіргі кезде біз министрліктерді қандайда бір саладағы саясатты айқындайтын органдарға айналдырдық. Саясаткер жұртпен тілдесуге, өз ұстанымын түсіндіруге, қоғамның сеніміне ие болуға тиіс. Халықпен, ең алдымен жаңа заңдарды қолданатын жұртпен кездесу керек, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы тек бірінші тоқсанның өзінде қазақстандықтар «Электрондық Үкімет» порталы арқылы 1 млн 200 мыңнан астам мемлекеттік қызметтерге қол жеткізгенін атап өтті.

– «Электрондық Үкімет» бірыңғай байланыс орталығына күн сайын 700 қызмет түріне қатысты 20 мыңнан астам сұрақ түседі. Бұл ресурс неге іске қосылмаған? Онлайн режимінде бірде-бір түсіндірме немесе кеңес болған жоқ. Халық сауал қоя бастаған кезде ғана «ояндындар». Жұртқа барлық нормаларды, оларды қалай қолдануды, кімге жүгінуді түсіндіру үшін Үкімет жанынан бірыңғай колл-орталық – «қызу желі» құруды тапсырамын. Бірде-бір сұраққа біліктілікпен жауап берілмей қалмауы үшін жауапты адамдарды да бекітіңдер. Бұл өңірлерге де қатысты, олардың әрқайсысында осындай кеңес беру орталықтары жұмыс істейтін болсын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Қазақстан Президенті әлемдік дағдарыс біздің елдің дамуына да әсерін тигізгеніне назар аударды.

– Одан зардап шегіп, жұмысынан немесе табысының біраз бөлігінен айырылған көптеген адамдардың бар екенін білеміз. Мұндай жаңдар кез келген қоғамда бар. Барлық қазақстандықтарға қырағы болу қажеттігін, тұрақтылығымыз бен бір-бірімізге деген сый-құрметімізге сызат түсуіне қол бермеу керектігін ескерткім келеді. Оз тарапымынан айтарым, біз ешкімнің ортақ шаңырағымыздағы татулық пен тұрақтылықты бұзу үшін дағдарысты пайдалануына жол бермейміз. Құқықтық тәртіпті бұзған әрбір адам заңның қатаң талабына сай жауап береді. Қоғамдағы тыныштықты нығайту – әрбір азаматтың, барлық қоғамдық ұйымның, барша қазақстандықтардың ісі, – деді Мемлекет басшысы.

Шара барысында елдің бірінші тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары жөнінде Премьер-министр К.Мәсімов сөз сөйледі.

КӨП ТІЛЕГІ ОСЫ ЕДІ

Осы жылдың бірінші шілдесінен іске асыуы тиісті болатын Жер туралы кодекстің жердің сатылуы мен шетелдіктерге жалға берілуі жөніндегі баптары біраз талқыға түсті. Қазақстанның бірнеше қалаларында рұқсат етілмеген шерулер өтті.

Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен кеңес басталғаннан Астана жакка елеңдеп отырдық. Халықтың бір айдай уақыттан бері үздіксіз талқылаған тақырыбына Президент «Жер туралы кодекске» енгізілген өзгерістерге мораторий жариялайтынын айтып нүкте қойды. «Мен бүгін шешім қабылдаймын. Жер кодексінің қоғамдық резонанс тудырған бірқатар нормалары, нақты айтқанда, былтырғы енгізілген 4 норманы күшіне енгізуге ендігі жылға дейін мораторий жариялаймын. Алдымен егжей-тегжейін қарап, халыққа

түсіндіріп, Парламентпен бірге шешіп, келісімге келетін болсаңдар, мораторийді аламыз, болмаса, түсірмейміз», – деді.

Шындығында, қоғамдағы тұрақтылық барлығымыз үшін маңызды. Елдің іргесі бүтін болғанына, азаматтардың амандығына тілекшіміз. Қоғамдық пікірдің айтылуы заңдылық. Ал халық бұл заңның кей нормаларына өз көзқарасын, қарсылығын білдірді. Елбасы «Халыққа ұнамайтын заңның керекі жоқ бізге. Бірақ та заңды алып тастағаннан кейін ауыл шаруашылығы қандай мүшкіл болатынын түсіндіру керек. Оны, әрине, асфальтта жүріп айкайлағандар емес, далада мал жайып, егін егіп жүрген дикандар біледі», – деді.

Алдағы уақытта Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге қатысты ұстанымдарды айқындайтын Үкімет жанынан құрылатын комиссия үлкен жауапкершіліктің салмағын сезінеді

деген сенім бар. Елбасы тапсырғандай, комиссия мемлекеттік органдармен, қоғамдық органдармен Жер кодексіндегі даулы мәселелерді әбден сараптап өткізіп, Парламентке ұсыныстар береді деп ойлаймын.

Біз көзін көрген үлкендер «Әр істің қайырын күтейік» деп отыратын. Сол сияқты бұл істің ақыры қайыры болды. Халықтың мұң-мұқтажы, ой-пікірлері ескерілді. Көптің күткені де осы болатын. Осы бір жыл ішінде халықтың талқысынан өткізіп, заңгер мамандардың талдау-зерттеулерінен кейін жұртшылықтың ойынан шығатын жаңа заң қабылданады деген сенімдемін.

Сәпен АҢСАТОВ,
еңбек ардагері,
«Құрмет» орденінің иегері.

САЛИҚАЛЫ, САЛМАҚТЫ ШЕШІМ

Кеше Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен кеңесте Жер кодексіне енген өзгерістердің күшіне енуіне бір жылға мораторий жарияланды. Бұл мемлекет болашағы үшін жасалған оң шешім деп түсінуіміз керек. Сол жиында Президентіміз жерге қатысты заңнамаларға өзгерістер енгізу мен оны түсіндіру кезіндегі кемшіліктерді де сынға алды. Н.Назарбаев былтырғы енгізілген өзгерістерді жүзеге асыруды шегере отырып, халыққа бұл бастама түсіндіріліп, Парламентпен келісімге келген жағдайда ғана шектеу алынып тасталатынын айтты. Мемлекет болашағы үшін қабылданған бұл шешім баршамыз-

ды қуанып отыр.

Мемлекет басшысының осы мәселеге байланысты бұл заңды кейінге қалдыруын, халықтың қоғамдық ой-пікірімен санасуын ел мүддесін ойлағаны деп түсінуіміз керек. Жер тағдыры ел тағдырымен тікелей байланысты болғандықтан шешім қабылдауда асығыстық танытпауға бел буды. Бұл жұрттың көңіліндегі күдікті сейілтті.

Шахизада ӘБДІКӘРІМОВ,
«Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы,
облыстық мәслихаттың депутаты.

ХАЛЫҚ КҮТКЕН ҚАДАМ

Қоғамды қобалжытқан жер мәселесіне қатысты ақжолтай хабарды естіп қатты қуандым. Бұған еліміздің бір азаматы ретінде мен де алаңдаулы едім. Әлеуметтік желілерде тұрғындарды бейбіт шеруге үшелеген жазба-лар қаптап кетті. Мамыр мерекесі алдын-да облыс әкімімен бір топ әлеуметтік желі белсенділерінің кездесуі ұйымдастырылды. Кездесу барысында Жер туралы заңға байланысты пікірлерімді айттық. Зайырлы мемлекетке әрбір азамат өз пікірін

білдіруге құқылы деп ойлаймын. Кездесуге жылжығандар арасында түрлі мамандық иелері болды. Ешқайсымыз осы арқылы ұпай жинауды, көзге түсуді ойлаған жоқпыз. Мұндай ашық пікір алмасуға тек тәуелсіз еліміздің жанашыры, азамат ретінде бардық. Міне, Елбасының кешегі елді елең еткізген жағымды мәлімдемесі көпшілік пікірінен туындаған игі қадам деп ойлаймын. Елбасы өз сөзінде: «Мен бүгін шешім қабылдаймын. Қоғамдық резонанс тудырған Жер кодексінің,

нақты айтқанда, былтырғы енгізілген төрт нормасының күшіне енуіне мораторий жариялаймын!» деп нақты айтты. Сонымен бірге Мемлекет басшысы «Халыққа ұнамайтын заңның бізге керекі жоқ!» – деп бір-ақ кесті. Елдің, қоғамның пікірімен санаспа білген Елбасы көреген саясаткер.

Жұрттың жерге қатысты алаңының ескеріліп, шешімін тапқанына қуанамын.

Болат НҮРҚОЖАЕВ,
кәсіпкер.

ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯ ЖЕТЕІСТІККЕ ҮЛЕС ҚОСА БЕРЕДІ



– Мұның барлығы экономикалық даму көрсеткішімізді еселеп, халықты қуаттандырады деп есептейміз. Облыс әкімі, партия филиалының төрағасы ретінде өз тарапыңыздан көрсетіліп отырған нақты қолдауды барлық жердегілер

жақсы сезінуде. Партия белсенділері сайлау-алды тұғырнаманы насихаттау мен түсіндіру, халықтың хал-ахуалын анықтау, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылау, өзекті мәселелерді шешу ісінде өзіңіздің қолдауыңызбен алдағы уақытта да дәйекті әрі жүйелі жұмыстарды атқарады деп есептеймін. Бұл жолдағы басты міндет – «Қазақстан - 2050» стратегиясын, Ұлт жоспарын және «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, – деді сөз соңында И.Құттықожаяев.

Мұнан кейін жарысөзге шыққан ересектерге арналған облыстық туберкулезге қарсы санаторий бас дәрігері Ергали Ильясов, №165 мектеп директоры Ләззат Ізбасқанова, «Болашақ» университетінің студенті Константин Луцэ, Парламент Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповский жетекші партияның ел тәуелсіздігін нығайтудағы бағыт-бағдары айқын екенін жеткізіп, басты міндет – бірлігімізді көзіміздің қарашығындай қастерлеу, тыныштығымыз бен тұрақтылығымызды сақтау, кемел келешегімізге Мәңгілік елдің жасаппаз мұраттары арқылы бағдар ұстау екенін атап өтті.

Облыс басшысы осы орайда биыл ширек ғасыр

толып отырған тәуелсіздігімізді тұғырлы ете беруде әлі де көптеген жұмыстар бар екеніне назар аударды. «Сыртта ала көз бар, іште әлі алауыздық бар. Сондықтан «Сасқанға сая болып, асқанға тосқан болып» Тәуелсіздігімізді нығайта беруге тиіспіз» деді.

Мұнан соң конференцияның күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы филиалы саяси кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілді. Қырымбек Елеуұлы саяси құрамы мүшелігінен шыққандарға еңбектері үшін алғыс айтып, жаңадан еніп отырғандарға жұмыстарына сәттілік тіледі. Конференция жұмысы аяқталғаннан кейін саяси кеңес пен саяси кеңес бюросының кеңейтілген отырысы басталып, онда 2016 жылға арналған жұмыс жоспарларын, жеке қабылдау кестелерін бекітті. Отырыс соңында Қ.Көшербаев ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауына белсене қатысқан партия мүшелерінің бірқатарына Елбасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Алғыс хатын табыс етті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ҮШТІЛДІ БІЛІМ ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың үштілді білім беру бағдарламасы бойынша даярланған бітіруші түлектері заман талабына сай кәсіби білікті және бәсекеге қабілетті жас мамандар ретінде жолдама алатын болды. Іргелі оқу орнында үштілді білім беруді дамытудың 2012-2017 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, 2012 жылдан бастап бүгінге дейін 16 мамандық бойынша 402 студент қазақ, орыс және ағылшын тілінде білім алуда. Оларға оқу орнында 29 профессор-оқытушы ағылшын тілінде доріс беруде. Университетке 2012 жылы математика, информатика, ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандықтарына үштілді білім беру бағдарламасымен алғаш рет қабылданған 49 студент биыл дипломдық жұмыстарын ағылшын тілінде сәтті қорғауда.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз

ету мамандықтарына бекітілген мемлекеттік қорытынды аттестаттау комиссиясының төрайымы Елена Чертова мен математика, информатика мамандықтарына бекітілген мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы Георгий Брайчев бітіруші түлектердің білім көрсеткіштеріне жоғары баға берді. Сондай-ақ, олар қорғалған дипломдық жұмыстардың мазмұндылығын атап өтті.

Ресейлік профессорлар академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша АҚШ, Түркия, Оңтүстік Корея, Ресей мен Польша сынды шет елдердің ЖОО-да студенттердің білімдерін шыңдауға іргелі оқу орнында жағдай жасалуы құптарлық жайт екендігіне ерекше тоқталды. Бұл Астана, Алматы қалаларындағы ұлттық жетекші ЖОО-да ғана емес, Қорқыт ата атындағы ҚМУ секілді оқу орнында білім алып та жоғары жетістіктерге жетуге болатынын дәлелдейді.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

